

№ P00009 23.12.2023 ж

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

ИЗИМОВ НҰРЛАН

*Қызылорда облысы Арал ауданы Жіңішкеқұм ауылы,
«№230 орта мектебі» КММ.*

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары .

***«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының
арасында өз ұлты үшін қызмет
қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы
сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»
М. Жұмабаев***

Қазіргі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана- сезімі мен мінез-құлқының қалыптасуын, яғни ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не?

Қарапайым тілімен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамның бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығарамыз.

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар.

Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы.

Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Ал, ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі – мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Осындай тәрбие жұмыстарын ұлттық құндылықтар негізінде мынадай іс-әрекеттер арқылы ұйымдастыруға болады. Мысалы: арнайы пәндер, оқу үдерісі, сыныптан тыс тәрбие, жұртшылықпен жұмыс, ата-аналармен жұмыс т.с.с. Атап айтқанда сыныптан тыс тәрбиеде спорттық ойындарды, қолөнершілік шеберлікті дамытатын сайыстарды, шығармашылық қасиеттерді шыңдайтын іс-шараларды ұйымдастыру арқылы; ата-аналармен жұмыста «Ана мектебі», «Әкелер мектебі», сияқты түрлі мектептер құру арқылы, біз ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына дарыта аламыз. Жалпы оқу барысында да, сынып ішінде де, сыныптан тыс уақытта да халықтық педагогика мен ұлттық салт-санаға негізделген осындай әрекеттер өскелең ұрпақтың білімді, әрі тәрбиелі боп қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Олай дейтін себебіміз, халқымыздың асыл қазынасын сыныптан тыс жұмыстарда тиімді пайдалану – оқушыларды өз ұлтын сүйуге, оның салт-дәстүрлері мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретері сөзсіз. Ұлттық құндылықтардың бірі – ұлттық ойындар. Олар тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі ғана емес, жас ерекшеліктеріне қарай көзқарастары мен мінез-құлқының қалыптасуына, тапқырлыққа, шешендікке баулитын, ой-өрісін жетілдіретін атадан қалған асыл мұрамызды кейінгі ұрпаққа жеткізу құралы болып табылады. Мысалы, асық ойыны — қазақ халқының ұлттық ойынының бірі. Асық ойыны баланың ойлау қабілетін дамытады, адаммен тез тіл табысуға үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне де көмектеседі. Демек, әрбір ұлттық құндылығымыздың өзіне тән маңызы мен мәні бар.

Тәрбие мектебі болып табылатын қазақтың мақал-мәтелдері мен аңыз-әңгімелері дүниежүзілік тәжірибеде батыстық ұғымдармен сәйкес келе бермейтіні анық. Қазақи дүниетанымның өзегі – адамшылық. Қазақ: «Жаным – арымның садағасы», «Дүние – қолдың кірі», «Туған елім болмаса, тумай-ақ қойсын Күн мен Ай», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», — деп, еліне деген іңкәрлік сезімін қалыптастырады

Егер қазақ халқын ұлт ретінде әлем елдері мойындасын дейтін болсақ, онда міндетті түрде ұлттық құндылығымызды көздің қарашығындай сақтап, үнемі байытып отыруымыз керек. Себебі ұлттық құндылық – ғасырдан-ғасырға жалғасқан, өмірдің қатаң сынынан өткен, маңызы айрықша құндылық, яғни асыл қазына. Өкінішке қарай, елімізде дәл қазіргі күні ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесінде «әттеген-айымыз» өте көп. Жасыратын түгі жоқ, сонау кеңестік кезеңде қызыл империя басшылары ұлттық құндылығымызды «ескінің қалдығы» деген желеумен құртуға әрекет етті. Тіпті сол арқылы ұлттың өзін жоюға тырысты.

Құдайға шүкір, егемендігімізді алғалы бері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еселі еңбегі жағдайында ұмыт боп бара жатқан ұлттық құндылығымызды қайтадан қалпына келтіріп, түгендей бастадық.

Сондықтан ұлттық құндылықтарды тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру маңызды іс.

№ P00010 23.12.2023 ж

«Тарихи шайқас» интеллектуалдық-тарихи ойын

БЕЙСЕНОВА ГҮЛБАНУ НАРГЕЛОВНА

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы

№4«Үміт» арнайы мектеп-интернатының

тарих пәнінің мұғалімі

• Бөлім:	• Сыныптан тыс сабақ	
• Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	• Г.Н.Бейсенова	
• Күні:	• 23.11.2023ж	• Сағат: 15⁰⁰ де
• Сынып: 6-11 сыныптар	• Қатысушылар саны: Қатыспағандар:	
• Сабақтың тақырыбы	• «Тарихи шайқас» • интеллектуалдық-тарихи ойын	
• Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	• Оқушылардың тарих сабағынан алған білімдері бойынша қайталау арқылы жинақтап, одан әрі танымдылығын арттыру, есте сақтау, ой өрістерін дамыту.	
• Сабақтың мақсаты	•	
• Сабақтағы көрнекіліктер	• Ноутбук, слайт, интерактивті тақта, шарлар, қоңырау, ұпайлар, плакаттар, қима қағаздар, магниттер, додакайдер добы т.б	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Ұйымдас ыру кезеңі	<i>Мұғалім оқушылармен амандасады. 1.Амандасу. 2.Түгелдеу</i>	Жақсы лебіздерді бір-бірімізге арнай отырып амандасып аламыз.	Презентац ия

Сабақтың басы	3. Психологиялық ахуал. «Додакайдер» әдісі  <u>Кіріспе сөз:</u> Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ұстаздар мен білімге құштар жас өрендер! «Тарихи шайқас» интеллектуалдық-тарихи ойын сабағымызға қош келдіңіздер. .Алдарыңызда өз білімімен, ақыл — ойымен, эрудициясымен ерекшеленген білімді оқушылары. Сан ғасырлар тарихынан кешегі, туған жердің шежіресі өседі. Менің елім Қазақстан – Отаным, болашағы бізбен бірге өседі,- деп ХХІ ғасырдың талантты жастарын ортаға шықырып ойыншыларымен таныстырайық: 1. Исмагул Асемай 11 сынып оқушысы 2. Асанқызы А 10 сынып оқушысы 3. Төлен И 10 сынып оқушысы 4. Самархан Әбунасыр 9 сынып оқушысы 5. Бақытжан Жангелді 8 сынып оқушысы Ойынымыздың алдында білім сайысының әділ эксперт	Оқушылар өздерін таңысырып өтеді.	 Презентац ия
-----------------------------	--	--	---

	мүшелерімен таныс болыңыздар. Әділ қазы алқалары. Ойынның шартымен таңыстырып өтсем. Әрбір сұраққа ұпай беріледі, әр кезең сайын ұпайлары саналады. Ойынға қатысып отырған әр оқушы жинаған ұпайымен алға шығыды. Әр оқушының алдында қоңырау қойылған қоңырауды басу арқылы сұрақтарға жауап беретін боласыздар. Бұл жерде ең алдымен шапшаңдық пен жылдамдық және ой жүйрітерін алғыр болуы керек. Ендеше ойнымызды бастаймыз. <u>Сайыс барысы:</u> I кезең. «Блиц-сұрақтар» II кезең. «Тарихи шыңжыр» III кезең. «Ғажайып алаң» IV кезең . «Жорға» V кезең. «Өткел» I. Блиц-сұрақтар. 1.Абылайдың шын аты кім?(Әбілмансұр) 2.Жүз жасаған жыр алыбы.(Жамбыл) 3.Жеті жарғының авторы кім? (Тәуке хан) 4.Исатай мен Махамбетке арнап Құрманғазы қандай күй шығарды? (Кішкентай) 5. “Соғыс” өлеңінің авторы кім? (М.Өтемісұлы) 6. “Ақтабан шұбырынды,Алқакөл сұлама”	Оқушылар сұрақтарға жауап береді	
--	--	---	---

Сергіту сәті	тарихына байланысты жазылған өлең? (Елім-ай) 7.Кіші жүздің ханы Әбілхайырды кім өлтірді? (Барак сұлтан) 8.Бұхардың Абылайға арнап жазған өлеңі. (Ей Абылай) 9.Тарихтың атасы, сақтар туралы алғашқы жазба деректер жазған кім? (Герадот) 10.Үш дананы ата. (Абай,Шоқан,Ыбырай) 11.Ұлт-азаттық қозғалыс ең көп жүрген жүз қайсы?(Кіші жүз) 12.Әлемдегі үш ірі дін қандай? (Ислам,Христиан,Будда) 13.Жұт деген не? 14.Батыс пен Шығысты жалғастырған сауда керуен жолы. (Ұлы Жібек жолы) 15.Желтоқсан оқиғасының құрбандары? (Негізі құрбандары өте көп жастар соның ішінде Қайрат, Лаззат, Сәбира, Ербол) <u>II кезең «Тарихи шыңжыр» кезеңінің бастайсыз</u>	Бұл кезеңде оқушылар жылдамдық таңытып тез әрі жылдам құрастырады. Оқушылар барлығы бірге сергіту сәтігін жасайды	Презентация
Сабақтың ортасы	Берілген тапсырмалар бір оқиғамен, кезеңмен байланысты. Олар шашыраңқы түрде беріледі. Топтың мақсаты: оқиғаларды рет-ретімен, кезең-кезеңімен қою және оны дәлелдеу. Дұрыс орындаған кезде-20, 1 қатесі болса 15, 2 қатеге-10 ұпай беріледі. Дұрыс вариантын магнитпен тақтаға		

	жапсырады. • Палеолит — мезолит — неолит — энеолит — қола — темір • Түрік қағанаты — Батыс Түрік қағанаты — Түргеш қағанаты — Қарлұқ қағанаты — Оғыз мемлекеті- Қимақ мемлекеті • Буржуазиялық-демократиялық революция — социалистік революция — Азамат соғысы — ЖЭС — индустриялану — «Бесудің хаты» • «Ақтабан шұбырынды» — Кіші жүздің Ресейге қосылуы — «Шаңды жорық» — С. Датұлының көтерілісі — Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы — К.Қасымұлы бастаған көтеріліс • Қасым хан – Хақназар хан – Шығай хан — Тәуекел хан – Есім хан – Жәңгір хан • Австралопитек – питекантроп – синантроп – неандерталь — кроманьон  III «Ғажайып алаң». Бұл кезеңде оқушыларға 4 салада сұрақтар қойылады. Әр сұрақтың өзінің ұпайлары	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	Презентация 
--	--	---	--

Сабақтың соңы	бар. Интерактивті тақтаға назар аударсақ. <u>Тарих пәні бойынша</u> 10 ұпай – Мұсылман мәдениетінің орталығы? Түркістан 20 ұпай – Тұмар патша қай тайпаның қызы? Сақ 30 ұпай – Алматы және Талдықорған өңірлерінің атауы? Жетісу 40 ұпай – Қырғыздың «Манас» дастанын алғаш рет кім зерттеген? Шоқан 50 ұпай – Конституция неше бөлімнен тұрады? 98 бөлімнен <u>Мәдениет саласы бойынша</u> 10 ұпай – Парижде «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша» әндерін орындаған әнші? Әміре Қашаубаев 20 ұпай – Тұңғыш көркем фильм? Амангелді 30 ұпай - Тұңғыш спектакль? Еңлік –Кебек 40 ұпай – Алғашқы қазақ балеті? Қалқаман- Мамыр 50 ұпай - Тұңғыш қазақ балеті қай жылы қойылды? 1938 жыл <u>Спорт саласы бойынша</u> 10 ұпай – Қазақ халқының ұлттық ойыны? Тоғызқұмалақ 20 ұпай - Спорт алғашқы қай елде пайда болды? Грекия	Оқушылар ұпайларың арттыру үшін сұрақтарға мүдірмей жауап береді Оқушылар өткелден өтіп кету үшін барын салып бастарын қатыруы тиіс.	Презентация
-----------------------------	---	--	--------------------

	20/2: Тасқа салынған сурет қалай аталады? (петроглиф) 20/3: 1930 — 33 жылдары ашаршылық зардабынан қанша адам қырылды?(2, 1 млн) 30/1: Үйсіндердің билеушісінің титулы қалай аталды? (гуньмо) 30/2: Әйгілі Атлах шайқасы қашан және кімдер арасында болған? (751 арабтар мен қытайлар) 30/3: 1726 жылы Қалмаққырылған оқиғасы болған жер? (сарысу өзенінің орта ағысы, Торғай) 40/1: Шыңғыс ханның шын есімі? (Темучин) 40/2: Қазақ хандығының территориясын кеңейткен, халқының санын 1 млн — ға жеткізген қай хан? (Қасым хан) 40/3: «Көшпелі мемлекет» деп аталған ежелгі мемлекет қайсысы? (Үйсін) <u>сайыста ұпайы аз ойыншы ойыннан шығады.</u> Ү «Өткел» кезеңі Мына әріптерден сөздер құрастыр. Бұл кезеңде «Басқатырғыш» шешеміз 1.РХЕАГИЯОЛО-заттай деректер бойынша адамзат тарихының ежелгі кезеңін зерттейтін ғылым.		
--	---	--	--

	2.ТРОЕПФЛИГ- тас,жартас бетіне қашау арқылы сызып немесе ойып салынған сурет. 3.ЮЙЫШАН- ғұн мемлекетінің билеушісінің лауазымы. 4.ГРАЭТФИЯНО- әр түрлі халықтардың тұрмыс-тіршілігін зерттейтін ғылым. 5.АЦИЯТАДАП- қалыптасқан жағдайға бейімделу. 6.ФЕРЕРЕНДМУ- аса маңызды мемлекеттік мәселе бойынша жалпы халықтық дауыс беру. 7.АТКРДЕИЯМО- халық еркі немесе билігі. 8.ҰЕЫҚ- Қазақстан 2010 жылы осы ұйымға төрағалық етті. Астана қаласында 2010 жылы 1-2 желтоқсанда саммиті өтті. 9.ПОСЭК-1917 жылы Астанада өтетін дүниежүзілік көрме.Тақырыбы: «Болашақтың энергиясы». 10.ЕКОНЮС-БҰҰ-ның білім және мәдениет жөніндегі ұйымы Сайыс сонында әділқазыдар жеңімпазды анықтайды. Сонымен сайысымыздың нәтижесі бойынша мектеп-интернаттың ең зерек әрі тапқыр оқушымыз болып _____ анықталды. Мақтау қағазын табыстаймыз. Ендеше, бүгінгі «Тарихи шайқас» атты интеллектуалдық-тарихи ойын		
--	---	--	--

сайыс сабағамыз аяқталды.
XXI ғасырда өз үлестеріңізді
табыңыздар! — деген
сөздермен біз сіздермен
қоштасамыз. Сау саламатта
болыңызда.

«Көгершін» әдісі.



№ P00011

23.12.2023 ж

«Ұлттық ойын –халық қазынасы» асық ойынынан сайыс

ИТЕМГЕНОВА АРДАҚ АБИЛКАСИМОВНА

*Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы,
№4«Үміт» арнайы мектеп-интернатырың
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

Бөлім:	Сыныптан тыс сабақ	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	А.А.Итемгенова	
Күні:	23.11.2023ж	Сағат: 11⁰⁰ де
Сынып: 6-10 сыныптар	Қатысушылар саны: Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	«Ұлттық ойын –халық қазынасы» асық ойынынан сайыс	
Сабақтың мақсаты	Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейту. Ойынды ережеге сай ойнату. Оқушылардың ой-өрісін, ептілік, мергендік, шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Оқушыларды ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.	
Сабақтағы көрнекіліктер	Ноутбук, слайт, интерактивті тақта, шарлар, қоңырау, ұпайлар, плакаттар, қима қағаздар, магниттер, додакайдер добы т.б	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	<i>Мұғалім оқушылармен амандасады. 1.Амандасу. 2.Түгелдеу 3. Психологиялық ахуал.</i>	Жақсы лебіздерді бір-бірімізге арнай отырып амандасып аламыз.	Презентация

Сабақтың басы	<u>Кіріспе сөз:</u> Мұғалім сөзі: Қой асығы деменіз қолайыңа жақса сақа ғой, Жасы кіші деменіз ақылы асса аға ғой. Ұлттық ойын, салт- ғұрыпқа бай халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүрінің бірі- асық ойыны. Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Оны көшпелі этномәдени өмір тудырған төлтума өнер деп танимыз. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулайтын тәрбиенің көзі. Тіліміздегі асығы алшысынан түсті..., бүге-шігесіне дейін анықтау... т.б. тіркестер тегін айтылмаса керек. Сондай-ақ қазақтар жақсы көрген жасты: алтын асықтай немесе киіктің асығындай шымыр деп атайтын үрдіс бар. Мұндай тіркестер асықтың айырықша мәніне қатысты қалыптасқаны анық. Ойынымыздың алдында білім сайысының әділ эксперт мүшелерімен таныс болыңыздар.	Оқушылар өздерін таңысырып өтеді. Презентация
-----------------------------	---	--

Сабақтың ортасы	Әділ қазы алқалары. Ойынның шартымен таңыстырып өтсем. Ал енді жарысымызды бастаймыз. Ортаға жарысқа қатысушы оқушыларды шақырамыз: 1. Садық Қайсар 10 сынып оқушысы 2. Самарқан Абунасыр 9 сынып оқушысы 3. Құрмансейт Данияр 9 сынып оқушысы 4. Нұрғазы Мейірлан 9 сынып оқушысы 5. Әбдіразақ Дамир 8 сынып оқушысы 6. Доскерім Сәкен 6 сынып оқушысы Ал құрметті оқушылар экранға назар аударамыз. Осы асық ату бойынша сайысқа түсеміз. 1 Сайыс - «Шеңбер» 2 Сайыс -«Алты атар» 3 Сайыс – «Шиіріп ату» 4 Сайыс – «Бес тас» 5 Сайыс – «Сұрақ жауап» <u>Асықтың түрлері туралы түсінік беріп өтейін экранға назар аударсақ</u>	Оқушылар сұрақтарға жауап береді	
-------------------------------	---	---	---

Сабақтың соңы Қорытынды Кері байланыс	Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңның санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алынады. Оның түрлері көп. Атап айтқанда: Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады. Кеней – көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар. Шүкейт – жас малдың асығы. Қойлық – қойдың асығы. Ешкімек – ешкінің асығы. Құлжа – құлжаның асығы. Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық. Топай – сиырдың асығы. Жабай – ірі асықты айтады. Қолқар – арқардың асығы Асықтың тұрысының атаулары: Алшы – асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы. Тәйке – асықтың алшыға қарама-қарсы жағы. Бүге – асықтың дөңес жағының жоғары қарап түсуі. Шіге – асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі. Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы. Шоңқай – асықтың омпаға қарсы жағымен тік түсуі. Оқушылар сайысымызды бастаймыз. Ел ендеше басталды.	Жеңімаз оқушы Оқушалар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.	Презентация 
---	--	---	--

Кезекпен кезең бойынша атамыз.
Кім көп асық атады сол жеңімпаз
атаңады.

Сайыс соңында әділқазыдар
жеңімпазды анықтайды.

- Құрметті оқушылар
бүгінгі іс-шарада ұлттық
ойынымыздың бірі- асық
ойынымен тереңірек танысып,
ойнадыңыздар. Келешекте осы
ойынды одан әрі дамытып, ұмыт
қалдырмай, өздеріңнен кейінгілерге
де жеткізесіздер деп сенемін.

Сонымен сайысымыздың нәтижесі
бойынша мектеп-интернаттың ең
зерек әрі тапқыр оқушымыз болып
_____ анықталды. Мақтау
қағазы табысталады. Сау саламатта
болыңызда.



№ P00013 25.12.2023 ж

Ұн өнімдерінен жасалатын тағамдар

ҚОЖАБЕКОВА ГУЛМИРА ШӘРІПХАНҚЫЗЫ


Жамбыл облысы, Қаратау қаласы Талас ауданы,

№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернатының

әлеуметтік педогогы

Білім беру ұйымының атауы		№4 Үміт мектеп-интернаты		
Пәні:		ӘТБ		
Бөлім:		Тамақтану		
Педагогтің аты-жөні:		Қожабекова Гульмира		
Күні:		22.12.2023ж.		
Сынып: 9 «А»		Қатысушылар саны: 4	Қатыспағандар саны:0	
Сабақтың тақырыбы:		Үн өнімдерінен жасалатын тағамдар.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		Үн түрлерімен дайындау ерекшеліктері жөнінде түсінік беру; оқушылардың тамақ пісіруге деген қызығушылығын, құштарлығын арттыру, күнделікті алған дағдыларын, қабілеттерін, іскерліктерін дамыту		
Сабақтың мақсаты		Оқушыларды ұқыптылыққа, үнемділікке, нанды қастерлеуге, дастарқанды әзірлеуге үйрету.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	І. Ұйымдастыру 1.Оқушылармен сәлемдесемін. 2.Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалаймын. 3.Психологиялық жағымды орта қалыптастыру мақсатында Бүгін көңіл- күйлеріңіз қалай? деген сұрақты қоя отырып,оқушылардың	Оқушылар өз бейнелерін айнадан көріп , өздеріне сәттілік тілеп көңіл күйлерін көтеріп	Оқушыларды мадақтау	Сандық ша айна

	көңіл-күйін анықтаймын. Сіздерге аптаның барлық күндеріңізге сәттілік тілеймін!	алады.		
Өткен білімді еске түсіру	II.«Ой қозғау» сұрақтары: Тыңдалым алдында оқушыларға бірнеше сұрақтар ұсынылады. Өткен сабақ бойынша сұрақтар қою Өткен сабақта не білдік? «ЕСІНДЕ САҚТА!» Ал енді біздер тағам әзірлеу барысында естен ешқашан шығармайтын техникалық қауіпсіздік ережелері бар екенін ұмытпайық. Қандай тағамды әзірлесек де мыналарды ұмытпа: 1. Қызып тұрған кастрөлді немесе басқа да ыдыстарды үстелдің шетіне қоюға болмайды. 2. Отта қайнап тұрған кастрөлдің қақпағын өзінен кері қарай аш.	Асханалық құрал-жабдықтарды қолдануға арналған қауіпсіздік ережесін қайталап айтады		АКТдан материал жинағын алдым

Жаңа сабақ Сабақтың басы	3. Қызып тұрған шәйнекке мұздай су құйғанда өте абай бол. 4. Ыстық тағамның дәмін татып көру үшін ұзын қасықты пайдалан немесе оның салқындағанын күт. 5. Тағам кесуге арналған пышақты қолданғанда мұқият бол, себебі пышақтың ұшы үшкір, жүзі өткір келеді. III.«Миға шабуыл»Суреттермен жұмыс   1.Мына суреттерді ортақ не байланыстырады? Жауап: Ұн 2.Ұннан тағы не жасалады? 3.Нанның негізігісі не? Жауап: Ұн,камыр. Сонымен оқушылар бүгінгі біздің тақырыбымыз қандай болмақ? Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау Миға шабул сұрақтары	Оқушылар бірлесе отырып сұрақтарға жауап береді.	Әр тапсырма бойынша атсалыс қаноқушыларды алтын алқа арқылы бағалап отырады . Мадақтау сөздері Мұғалімнің	Тапсырма кестесі 
---	--	---	--	---

Сабақтың ортасы	арқылы жаңа сабаққа ену. Біздің тақырыбымыз ұннан жасалған өнімдер болғаннан кейін, біз қамырдың түрлерімен танысамыз. Жалпы қамыр жасау үшін бізге алдымен ұн керек. Ұн өнімдерін 4 топқа бөлуге болады: 1. Ұннан жасалатын тағамдар - түшпара, үй кеспесі, варениктер, құймақ. 2. Ұннан жасалатын аспаздық өнімдер - пирожкилер, бауырсақ, бүрменан, бәліш және т. б. 3. Дәмделген нан өнімдері - қарапайым майқоспа нан, әр түрлі тоқаштар, қаусырма т. б. 4. Ұннан жасалған кондитерлік өнім – торт, печенье, пирожный, прэндік. Бұл өнімдерді дайындау үшін қамырдың алуан түрін пайдаланады. 	Көрсету, айту арқылы орындайды Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды оқушылар жауап береді.	мадақтау сөздері	Сурет қимасы 
-------------------------------	--	---	-------------------------	---

Сергіту сәті	Ұн мен одан жасалған тағамдарды дайындау үшін әр түрлі ыдыстар қолданылады. Олар елек, оқтау, таба, қамыр кескіш, қамыр жайғыш, табақшалар. Ұннан тағам пісіру үшін қамыр илеу керек. Қамырдың өзін илеу түрлеріне қарай қою және сұйық қамыр десе болады. Дайын қамыр түрлерінен бірге тағам жасап көрейік. Бірілесе жұмыс әдісі : Қамырды екі топқа бөлеміз, ашытқылы және ашытқысыз. Бүгін бізде ашыған қамырдан дайындалаған бауырсақ қамырымен, ашытқысыз дайындалған тұшпара қамыры.	Ашытқылы және ашытқысыз қамыр түрлерінен тағам жасап үйренеді. Пиццаға қажетті заттарды, әуен біткенге дейін жасап үлгеру керек Оқушылар сергіп қалады	Мұғалімнің мадақтау сөздері Мұғалімнің мадақтау сөздері	Мәзір парағы Қима суретер
----------------------------	---	---	---	---

Бекіту	 Ал енді балалар қамыр әзірлеу алдында ұнды жылы орынға әкеліп, електен өткізеді. Ұнды електен өткізудегі мақсат - одан бөтен заттар мен түйірлерді ажырату. Ұн еленгенде, ұсақ-түйек бөгде заттардан тазарып қана қоймайды, сонымен бірге ауамен араласып, сапасы жақсара түседі.	Оқушылар тапсырманы қызығушылықпен орындайды.	
Кері байланыс	 Оқушыларға дайындап алып келген қамыр түрлерін өнім жасау жолдарын тәжірбие арқылы түсіндіріп көрсетіп өту. Пицца әдісі:	Оқушылар жауап беріп отырады	 Мадақтау, мақтау
		Сабакқа кері байланыс береді	

	Білім шамы әдісі: Оқушылар білім шамына жарық қосу арқылы нанға байланысты қандай ырым - тыйымдар бар екенін оқып айтып шығады. 1. Нан – дән басы. Сондықтанда дастарқанға алдымен нан қою керек. 2. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. 3. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. 4. Нанды жерге тастауға, шашуға, басуға болмайды. VIII.Қортынды. 1.Сабақта қандай тақырып өттік?			
--	--	--	--	--

	2. Ұн өнімдерінен қандай тағам түрілерін білесіңдер? 3. Ашыған және ашымаған қамырдың айырмашылығын түсіндір. Қамырдан жасалған өнімдер жоғары құндылыққа ие, сондықтан барлық ел аспаздығында маңызды орын алады. Ұн – қамырдың барлық түрін әзірлеу үшін қажетті негізгі өнім. Сондықтанда дастарқандың ансыз елестетуге мүмкін емес. Рефлексия. 1. Бүгінгі сабақта мен үйрендім. 2. Сабақта маған ұнады 3. Бұл сабақта ұнамаған жері.  Оқушылар кері байланыс жауаптарын хат арқылы мұғалімге жолдайды. Бүгінгі сабақтан алған білімдері жайлы ой түйіндейді. Оқушыларды мақтап, мадақтау арқылы марапаттарын ұсыну.			
--	--	--	--	--

№ P00016 27.12.2023 ж

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

ЕСИНОВА ГУЛЖАН БОЗЫМБЕКОВНА

Жамбыл облысы, Қаратау қаласы, Талас ауданы

№ 4 "Үміт" арнайы мектеп –интернаты


Тарих пәнінің мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	№4 «Үміт» арнайы мектеп -интернаты	
Пәні:	Қазақстан тарихы	
Бөлім:	7.2 Отарлау және ұлт-азаттық күрес	
Педагогтің аты-жөні:	Есимова Г.Б.	
Күні:	6.12.2023ж	
Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	
Сабақтың мақсаты	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің себеп-салдарын анықтап, тарихи маңызына баға береді.	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өткен білімді еске түсіру	Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Бүгінгі күнге сәттілік! «Бинго» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау 1. 1836-1838 жылдардағы көтерілістің басты мақсаты? 2. Жаңгір хан орынбор генерал губернаторына жолдаған хатында Исатаймен Махамбетті қалай айыптады? " 3. Махамбет өтемұсұлы өмір сүрген жылдар? 4. Исатай Тайманұлы өмір сүрген жылдар? 5. Исатай Тайманұлы бастаған көтерісшілер қай жылы хан ордасын басып алды? 6. 1838 жылы жазалаушылар мен көтерісшілер арасындағы шешуші шайқас қай жерде өтті? 7. Бөкей ордасының	  Сұрақтарға дұрыс жауап береді 1 балл	Мадақтау Миға шабуыл әдісі арқылы өзін-өзі бағалау 	Таратпа материалдар

	териториясы? 8.Исатай мен Махамбеттің көтерілісінің тарихи маңызы?			
Жаңа білім	Оқушылардың алдына берілген текшелерді «кубик-рубик» құрастыру арқылы жаңа сабаққа болжам жасалады. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты және бағалау критерийлері таныстырылады. Тарихи концепт пен зерттеу сұрағына да назар аударылады. Оқушыларға бейнежазба арқылы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс желісі көрсетіліп, көтеріліске қатысты мәтін ықшамдап беріледі. Топтағы оқушылар мәтін мазмұнын оқып, мәтін соңында берілген тапсырмаларға жауап береді. Топ мүшелері өз жұмыстарын сынып алдында қорғап, берілген сұрақтарға жауап	Оқушылар өз ойларын ортаға салады, <u>Дескриптор</u> Көтерілістің болған жыл аралығын анықтайды; -Көтеріліс	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	8(7) сынып. Қазақстан тарихы . ЦБР. 1837-1847 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс. Қабыл динов З.Е., Қайыпбаева А.Т.

	береді.(Ескерту! Оқулықты пайдалануға болады) «Картамен жұмыс» Көтеріліс қамтыған территория, алғышарттары мен хронологиясы:  «Сандар сөйлейді» Математикалық амалдарды орындап, жауабын оқиғамен байланыстырады. $(5 \cdot 2 + 67) \cdot 11 = 1837$ $(8 \cdot 5 \cdot 5 \cdot 5) + (2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 5 \cdot 3 \cdot 7) + 1 = 1841$ $((461 \cdot 2) \cdot (1 + 3)) : 2 = 1844$ «Суреттер сөйлейді» кинолента арқылы оқиғаларды ретімен баяндайды	қамтыған территория ны картаға белгілейді; <u>Дескриптор:</u> Әр өрнекті дұрыс орындайды. Өрнектің мәнін тарихи оқиғамен байланыс тырады <u>Дескриптор:</u> Та рихи оқиғаларды ретімен орналастырады , Оқиғалар желісін баяндайды Дескриптор К.Қасымұлы көтерілісінің 2 айырмашылығын және ұқсастығын жазады Тарихи	Кері байланыс. Мұғалімнің кері байланысы Өзін -өзі бағалау 	8 сынып. Қазақс тантар ихы., Атамұр а, 2012. Сұрақ- таратпа лар Бейнем атерал https:// www.y outube. com/wa tch?v=6 y3ZVD 2IQp4 &t=20s
--	---	---	--	---

	 4-топ «Венн диаграммасы» Сырым Датұлы көтерілісімен салыстырады.  «Сәйкестендіру» Тарихи оқиғалар мен мұрағим сәйкестендір. Сәйкестендіру сәлемі 1 <table><tr><td>1837 ж.</td><td>Ақсұт бейнесін қорыту және өртенуі</td></tr><tr><td>1838 ж.</td><td>Батыс Сібір генерал-губернаторына қат жолдады</td></tr><tr><td>1841 ж.</td><td>Ұл жұрты өлдері Кеңесароны едеріне білгісі қайтады</td></tr></table> Кемесіне қосымша өткізілісін, сәйкестендіру мен мақсатын білгі жас: <table><tr><td>сәйкестендіру</td><td>мақсаты</td></tr><tr><td>1</td><td>2</td></tr></table> 4) Дәлелдерді салыстыр 4) 1837 жылғы жазғы бейнесін едері тарихи оқиғалармен салыстырып, олардың маңызын білгі. 4) Ресей патшалығының құрамына кіретін Кеңесароны едеріне білгісі қайтады. 4) Бейнесін салыстырып, олардың маңызын білгі. оқиғалар мен мерзімін сәйкестендіреді Ақиқат немесе жалған екенін анықтау. Бірін-бірі бағалау,өзі н-өзі бағалау <td> Үлес тір мелі мате риал дар </td>	1837 ж.	Ақсұт бейнесін қорыту және өртенуі	1838 ж.	Батыс Сібір генерал-губернаторына қат жолдады	1841 ж.	Ұл жұрты өлдері Кеңесароны едеріне білгісі қайтады	сәйкестендіру	мақсаты	1	2	Үлес тір мелі мате риал дар
1837 ж.	Ақсұт бейнесін қорыту және өртенуі											
1838 ж.	Батыс Сібір генерал-губернаторына қат жолдады											
1841 ж.	Ұл жұрты өлдері Кеңесароны едеріне білгісі қайтады											
сәйкестендіру	мақсаты											
1	2											
Сергіту сәті	Тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықтау.											

	Тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықта. 1. Кенесары сұлтан 1802 жылы туған 2. Көтеріліс Орта жүзді шарпыды 3. Көтерілістің басты мақсаты хан билігін қайта құру			Ақпараттық карточка
Бекіту Үй тапсырмасы Бағалау	Сабақты қорытындылау Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды? Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. «К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс» оқу.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау		
Кері байланыс	«бағдаршам арқылы» кері байланыс	Бүгінгі сабақты қалай меңгергенін түстер арқылы көрсету.	Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект

МАЗМҰНЫ

- ИЗИМОВ НҰРЛАН
- БЕЙСЕНОВА ГҮЛБАНУ НАРГЕЛОВНА
- ИТЕМГЕНОВА АРДАҚ АБИЛКАСИМОВНА
- ҚОЖАБЕКОВА ГУЛМИРА ШӘРІПХАНҚЫЗЫ
- ЕСИНОВА ГУЛЖАН БОЗЫМБЕКОВНА